

**2023 жылғы «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» республикалық тамыз конференциясы шеңберінде «Стратегиялық міндеттер мен ұлттық құндылықтар - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасына жаңа бағдарлар» мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің панельдік сессиясын өткізу туралы ақпарат**

2023 жылдың 24-25 тамыз аралығында Республикалық тамыз конференциясы шеңберінде онлайн/офлайн режимінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагог қызметкерлерінің «Стратегиялық міндеттер мен ұлттық құндылықтар – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасына жаңа бағдарлар» атты панельдік сессиясы өткізілді.

Сессия жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Балаларды ерте дамыту институтының мамандары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімдерінің басшылары, Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың мектепке дейінгі білім беруге жетекшілік ететін білім басқармаларының мамандары, облыстық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімдерінің мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері мен педагогтері, жоғары оқу орындарының, колледждердің оқытушылары, біліктілікті арттыру институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың, ата-аналар қоғамының мамандары қатысты. Осы тамыздағы панельдік сессияға 5000-нан астам адам қатысты.

Шақырылғандардың қатарында: Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілі, әкім, мәслихат төрағасы, Қызылорда облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы, ЖОО, колледж оқытушылары, Өрлеу «БАҰО» АҚ, «BilimInvest» ҰАИ, КАНО, РАЧОО, РАЧОО «Әділет» өкілдері, Адамгершілік және эстетикалық тәрбие қауымдастығы, баспа өкілдері болды.

Панельдік сессия бағдарламасына мектепке дейінгі білім берудің маңызды аспектілері бойынша жоғары білікті мамандардың сөз сөйлеуі енгізілді.

Тамыз панельдік сессия барысында 6 секция жұмыс істеді:

- 1- Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі;
- 2- Заттық дамытушы білім беру ортасы - жеке тұлғаны қалыптастыру кепілі;
- 3- Білім алуға тең мүмкіндіктер;
- 4- Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар сапасы мен менеджменті;
- 5- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары;
- 6- Мектепке дейінгі білім беру саласындағы өзекті мәселелер талқыланды. 2 секция аясында шебер-сынып алаңы жұмыс істеді, онда

республиканың мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің табысты бағыттары көрсетілді.

Секциялар жұмысының соңында Қызылорда қаласының мектепке дейінгі ұйымдарына «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің табысты бағыттарының панорамасы» экскурсиясы өтті. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар, ІТ, экологиялық, театр бағытында жұмыс істейтін балабақшалар және құзыреттілік орталығы қамтылды.

Пленарлық отырыс жаңа форматта өтті. Отырыстың І бөлімінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсенова мен Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсембаевтың қатысуымен телекөпір өтті.

Жалпы отырыстың ІІ бөлімінде Қызылорда облысының әкімі Н.М. Нәлібаев мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру сапасын арттыру мақсатында өңірде атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Мектепке дейінгі білім берудің ағымдағы жай-күйі және 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстың жаңа басым бағыттары туралы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде ҚР ОАМ Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Н.В. Жұмаділдаева айтып, білім беру процесіне қатысушылар үшін негізгі міндеттер бөлінді. Тыңдаушылардың назары мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу процесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған (Жиенбаева С.Н., п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры.), мектепке дейінгі білім беру сапасына қанағаттанушылықты зерттеу нәтижелері және өзін-өзі бағалау критерийлері бойынша (Адерихина Т.А., ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы уәкілетті өкілі). Республикалық жеке білім беру ұйымдары қауымдастығының төрағасы Р.Ш. Садықова мен Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығының төрағасы Л.И. Куленова мектепке дейінгі білім беру саласын дамытудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөліне тоқталды, өйткені елде балабақшалардың жартысына жуығы жеке болып табылады.

Бұдан әрі Тараз қаласының №33 «Айсәуле» балабақшасының меңгерушісі Мамбетова Нұрзада Үсенқызы және Қызылорда қаласының «Бегім ана» балабақшасының әдіскері Мамыраева Бекзат Пірмағамбетқызы табысты білім беру ұйымының заманауи үлгісін сипаттады.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі–2023» байқауының республикалық кезеңінің қатысушысы және Гран-При иегері ретінде облыстың «Өрлеу» жекеменшік балабақшасының тәрбиешісі И.В.Бочарова өз тәжірибесімен бөлісіп, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы заманауи педагогтің рөліне тоқталды.

Қорытындылай келе, Қызылорда облысы мәслихатының Төрағасы, модератор Н.С. Байқадамов пленарлық сессияның жұмысын қорытындылап, ұсынымдар жобасымен таныстырды.

Тамыз панельдік сессиясы қатысушыларға, мектепке дейінгі білім беру мамандарына үздік педагогикалық тәжірибемен танысуға, осы бағыттағы өз қызметін талдауға, перспективті жоспарларды белгілеуге мүмкіндік берді.